



Автор: Дубаева Альбина Жумагуловна

Пән: Қазақстан тарихы

Сынып: 9-сынып

Бөлім: XX ғасырдың басындағы Қазақстан

Тақырып: XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы ұлттық зиялылар тобы және демократиялық қозғалыстар

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	8.1.2.1 қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау; 8.2.2.1 демократиялық қозғалыстарды талдау және қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға беру;
Сабақ мақсаты	XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының және демократиялық қозғалыстардың қоғамдағы рөлі мен қызметін талдап, баға береді
Бағалау критерийлері	Әрбір тапсырманың критерийлеріне сәйкес білу, түсіну, білімін қолдану, жинақтау, бағалау дағдылары бағаланады
Тілдік мақсаттар	Ақылдың 6 қалпағы әдісі бойынша XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси үдерістерге баға береді /жазылым мен айтылым дағдылары/
Пәнге тән лексика мен терминология	Ұлттық мүдде, мемлекеттік дума, жер мәселесі, ұлт зиялылары
Құндылықтарды дарыту	Құндылықтар - патриотизм - өз елі үшін мақтаныш - ұлттық сана-сезім - тәуелсіздік
Пәнаралық байланыс	Мазмұны бойынша қолданылған материалдар арқылы дүниежүзі тарихы пәнімен байланысады
ІТ қолдану дағдылары	Белгілі бір тақырып бойынша видео сюжетті пайдалануы. Ақпарат іздеуде арнайы сайттардан алынған материалдарға сілтеме көрсетуі
Бастапқы білім	XX ғасырдың басындағы қазақ жеріндегі қоғамдық саяси өмір туралы біледі. Ресей империясының отарлық саясатының салдарынан туындаған қиындықтар туралы білімдерін сабақ барысында қолдана алады.
Сабақ түрі	Аралас сабақ - жаңа білімді игеру және тақырыпты бекіту

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы (5 минут)	Үй тапсырмасын "Өрмекшінің торы" әдісі бойынша бір-біріне сұрақ қойып пысықтау. Жаңа тақырыпқа байланысты оқушылар берілген суреттер арқылы 4 топқа бөлінеді: 1-топ: Ә.Бөкейханов  БЫМ Оқушылар назарына XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының суреттері ұсынылып келесі сұрақтар қойылады: 1. Бұл суретте қандай зиялылар белгіленген? 2. Бұл адамдарды не біріктіруі мүмкін? Б Ұйымдастыру сәті Сабақтың тақырыбы, мақсаты, бағалау критерийлерімен таныстыру	Слайд
Сабақтың ортасы (30 минут)	Ж 1 тапсырма. Мәтінмен жұмыс. Топтық жұмыс Мәтінді қолдана отырып "Ақылдың 6 қалпағы әдісі бойынша тақырыпты түсіну: 1-топ Сары қалпақ - тақырып бойынша жағымды тұстарын анықтау 2-топ Қызыл қалпақ - эмоцияны білдіреді, осы тақырыпқа байланысты менде қандай сезімдер туындайды? 3-топ Жасыл қалпақ - шығармашыл, тақырып бойынша креативті идея ұсыну 4-топ Көк қалпақ - мәтінмен жұмыс жасап, кім? қайда? қашан? деген сұрақтарға жауап беріп, қорытынды жасайды. Жеке жұмыс: Оқушыларға зиялы қауым өкілдері жайлы қосымша ақпарат таратылады. "Блиц-кездесу" әдісі бойынша екі оқушы ортадағы орындыққа отырып, бірінші оқушы зиялы қауым өкілдеріне сипаттама беріп, жасырады. Екінші сипаттамаға сай, қай тұлға туралы айтылып жатқаның табуы тиіс. Жұптық жұмыс РАПТ әдісі бойынша сабақты бекіту "Алаш" қайраткерлерінің атынан болашаққа хат жазады. 1-топ: Ә.Бөкейханов 2-топ: А.Байтұрсынұлы 3-топ М.Жұмабаев 4-топ М.Дұлатұлы	Слайд Слайд
Сабақтың соңы (5 минут)	Кері байланыс "Инсерт" әдісі бойынша Оқушылардың оқу мақсатына қаншалықты жеткенін тексеріп, төмендегі сұрақтар қойылады: - Білемін - Білмеймін - Мен үшін жаңа білім - Мені таң қалдырды Үйге тапсырма: 14 параграфты оқу	